



Жамбыл жоғары медициналық колледжі

№ 06  
05.04.2023 ж.

8 | ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары педагогтерінің инновациялық жұмыстары облыстық конкурсының "Оқу жұмыс бойынша әдістемелік өнім" бағыты бойынша Жамбыл жоғары медициналық колледжінің физика пәнінің

оқытушысы Р.К.Тұрсынбаева қатысып, III орын Дипломымен, биология пәнінің оқытушысы Б.А.Сағындықова белсене қатысқаны үшін Алғыс хатпен марапатталды.



Тараз қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі ұйымдастырған 14 наурыз - "Көрісу күні" мерекесіне орай Тараз қаласы тұрғындары арасында бұқаралық спорттық іс-шараға Жамбыл жоғары медициналық колледжінің

"Дене шынықтыру" пәнінің оқытушылары Ә.Оңалбаев стол тенісі спорт түрінен қатысып, жүлделі I орын, С.Бейшенев II орын Дипломымен марапатталды.



"Д а р ы н" шығармашылық орталығы ЖШС "Тәжірибе алаңы" республикалық ғылыми-әдістемелік журналы. Өзінің үздік тәжірибесімен бөлісіп,

білім сапасын арттыруға қосқан үлесі үшін Жамбыл жоғары медициналық колледжінің оқытушылары Б.А.Сағындықова, А.Көбегенова Грамотамен, Республикалық "Тәжірибе алаңы" журналына жаңа технологиямен ұштасқан үздік мақаласын насихаттағаны үшін Алғыс хатпен, "Адалдық жүрген жерде - адамдық жүреді", "Өзгеріштіктің негізгі формалары" тақырыбындағы мақалалары республикалық "BilimShyragy.kz" сайтына жарияланғаны үшін Сертификатпен марапатталды.



"Қазақстанның медициналық колледждері одағы" заңды тұлғалар бірлестігі Түркістан облысы қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы ШЖҚ "Түркістан жоғары медициналық" колледжі" МКК ұйымдастырған "Үздік фармацевт - 2023"

Республикалық кәсіби сайысына Жамбыл жоғары медициналық колледжінің 327 топ студенті А.А.Манапова қатысып, Сертификатқа ие болды. Жетекшісі: Р.Т.Нурбаева.



Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының «Техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту орталығының» ұйымдастыруымен Абай атындағы гуманитарлық жоғары колледжінде Алтайдың асқақ жыршысы О. Бөкейдің 80жылдығына арналған «Өнерге

өлердей-ақ ғашық едім» атты II облыстық проза оқу байқауында колледждің 108 топ студенті Б.Смайл жақсы өнер көрсеткені үшін III орын Дипломымен, 101 топ студенті Н.Көбен байқауға қатысқаны үшін Алғыс хатпен марапатталды.



"Қазақстанның медициналық колледждері одағы" ЗТБ Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы "Қызылорда медициналық жоғарғы колледжі" ШЖҚ КМК. "Емдеу ісі" мамандығы

"Фельдшер" біліктілігімен білім беру бағдарламасы бойынша "Жас Анатом" атты Республикалық қашықтық олимпиадасына колледждің 207 топ студенті А.С.Лесбек қатысып, III Дәрежелі Дипломмен марапатталды. Жетекшісі: А.Б.Айдралиева.



Көкшетау жоғары медициналық колледжінің ұйымдастыруымен "Амангелді батыр - Торғай өңіріндегі 1961 жылғы көтерілістің бас қолбасшысы" атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияға колледждің 215 топ студенті Д.Альмуханова, жетекшісі Ш.Е.Ашимова, 204 топ студенті Н.Бейбіт, жетекшісі Ғ.А.Сыздықова, 203 топ студенттері Н.Кеңес, А.Мырзахмет, жетекшісі Г.Ж.Иманалиева белсене қатысқаны үшін Сертификат табысталды.

БҮГІНГІ НӨМЕРДЕ

1 | "АНАТОМИЯ ЖӘНЕ ФИЗИОЛОГИЯ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУ

«Жамбыл облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының қолдауымен «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК базасында «Мейіргер ісі» мамандығы «Жалпы тәжірибедегі мейіргер» біліктілігі бойынша II курс студенттері арасында «Анатомия және физиология үздігі-2023» Республикалық кәсіби байқауы өткізілді.

2 | ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ НАУРЫЗ

22 наурыз - «Ұлыстың ұлы күні-Наурыз» мейрамына арналға іс-шаралар.

3 | ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

«Балауса» қыздар клубының ұйымдастыруымен «Қыз өссе елдің көркі» тақырыбында ЖДО мамандарының қатысуымен дөңгелек үстел.

4 | МӘНЕРЛЕП ОҚУ ЖАРЫСЫ

Ә.Нұршайықовтың туғанына 100 жыл толуына орай "Әзілхан Нұршайықовқа 100 жыл" атты мәнерлеп оқу жарысы.

5 | КЕЗДЕСУ

ҚР жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаментінің превенция және парасаттылық басқармасының бас маманы А.И.Әжібаев колледж басшылығы және бөлім меңгерушілерімен кездесіп, түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

6 | ТӘРБИЕ САҒАТЫ

Қожа Ахмет Яссауидің 930 жылдығына орай "Қожа Ахмет Яссауи: өмірі мен шығармашылығы" тақырыбында тәрбие сағат.

7 | "МЕЙІРІМ" ҮЙІРМЕСІНІҢ АШЫҚ ОТЫРЫСЫ

«ҚР ерлер денсаулығының - қазіргі мәселелері мен өзекті шешімдері» тақырыбындағы «Мейірім» үйірмесінің ашық отырысы.

8 | ҚҰТТЫҚТАУ

Колледж оқытушылары мен студенттердің жеткен жетістіктері.

Тараз қаласы, Ниетқалиев көшесі №20, Жамбыл жоғары медициналық колледжі. Басылым мүшелері: Әдістемелік кабинет, редакциялық коллегия алқасы.



## 1 | “АНАТОМИЯ ЖӘНЕ ФИЗИОЛОГИЯ ҰЗДІГІ” РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУ



06.04.2023. «Жамбыл облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының қолдауымен «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК базасында «Мейіргер ісі» мамандығы «Жалпы тәжірибедегі мейіргер» біліктілігі бойынша II курс студенттері арасында «Анатомия және физиология үздігі-2023» Республикалық кәсіби байқауы өткізілді. Байқаудың салтанатты түрде ашылуына «Жамбыл облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасы» КММ басшысы Ж.М.Оспанова келіп, қатысушыларға сәттілік тіледі. Байқаудың қонақтары:

1. Жамбыл облыстық денсаулық сақтау басқармасының бастығы Ж.М.Оспанова;
2. «SENIМ» «Денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы» РҚБ Жамбыл облыстық филиалының төрайымы Момбекова Гүлмайра Асанқызы;
3. «Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасы» КММ «Техникалық және кәсіптік білім беру бөлімі» басшысы А.Ж.Жайлышева.

Әділ қазылар алқасының төрайымы: Жамбыл жоғары медицина колледжінің директоры Ж.Н.Сарыбекова; Әділ қазы мүшелері:

1. SENIM «Денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы» РҚБ Жамбыл облыстық филиалының төрайымы Г.А.Момбекова;
2. Жамбыл облыстық көпбейінді балалар ауруханасының бас дәрігерінің орынбасары Г.Ә.Садықова;
3. «Денсаулық сақтау үздігі», «Педиатрия» пәнінің оқытушысы Ж.Б.Мырзагулова;
4. «Анатомия және физиология» пәнінің оқытушысы Д.Қ.Назар.

Байқауға бақтарын сынауға Қазақстанның әр қаласынан, жалпы 15 оқу орнынан студенттер келіп қатысты. Жұлделі орынға ие болған оқу орындары:

1. Бас жүлде Шымкент Жоғары медициналық колледжі «Atlas» тобы-медаль және 500 000 теңге Сертификатымен марапатталды;
- 2.1-ші орын Талдықорған Жоғары медициналық колледжі, «7-suanatomdary» тобы-медаль және 300 000 теңге Сертификатымен марапатталды;
- 3.2-ші орын Алматы Жоғары медициналық колледжі, «Т-киллер» тобы-медаль және 200 000 теңге Сертификатымен марапатталды;
- 4.3-ші орын Атырау жоғары медициналық колледжі «Энцефалон» және Түркістан жоғары медициналық колледжі «Genesis» командалары медаль және 100 000 теңге иеленді. Жеңімпаз қатысушылар мен жетекшілер медаль, сертификат, Алғыс хат және жүлделі орындармен марапатталды. Сонымен қатар бағалы сыйлықтар табысталды.

## 2 | ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ - НАУРЫЗ



18.03.2023ж. 22-наурыз «Ұлыстың ұлы күні-Наурыз» мейрамына арналған «Наурыз дастарханы» әлеуметтік педагогтың ұйымдастыруымен ата – аналар комитеті дастархан жайды. Мақсаты: «Наурыз» мейрамын дәріптеу және ата-ана мен колледж арасындағы қарым-қатынасты нығайту.



19.03.2023ж. 22-наурыз «Ұлыстың ұлы күніне» Қазақстан көпұлтты мемлекет ретінде өзге ұлт өкілдері өздерінің құттықтауымен, өнерімен және өз ұлтының тағамдарымен шашу әкелді. Мақсаты: ұлтымыздың бірлікте, татулықта, бір тудың астында тату-тәтті өмір сүру. Ұйымдастырушы: колледж психологы Н.Е.Мухомадиева.



17.03.2023 ж. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы “НАУРЫЗ” мерекесіне орай республикалық домбырашылар челленджін Жамбыл жоғары медициналық колледжінің домбырашылары Құрманғазы Сағырбайұлының “Балбырауын”, “Адай”, “Сарыарқа” күйлерін орындап, челлендж жолдады.



17.03.2023 ж. «Ұлыстың Ұлы күні» - Наурыз мерекесі қарсаңында колледжде 217 ЕФ-9/21 - 218 ЕФ-9/21 топ студенттері, кураторы А.С.Байбосынова және студенттер кәсіподақ ұйымының төрағасы Д.Е.Амантаев қолдауымен колледж студенттеріне «Бауырсақ party» тегін бауырсақ және ыстық шәй ұйымдастырылды. Мақсаты: қазақтың ұлттық тағамын насихаттау барысында студенттердің бір – біріне деген ынтымақтастығын арттыру, береке бірлікке, татулыққа шақыру. Қазақтың ұлттық салт – дәстүрінің ұлттық тағамдар арқылы баланың бойына сіңіру, патриоттық сана сезімін ояту, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

## 3 | ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ



09.03.2023 ж. Колледжде «Балауса» қыздар клубының ұйымдастыруымен «Қыз өссе елдің көркі» тақырыбында ЖДО мамандарының қатысуымен дөңгелек үстел өтілді. Мақсаты: қоғамдағы қыз бала құндылықтарының маңызын талқылау; қыз баласының ертеңгі ана екенін ұғындыра отырып, қазақи тәрбиеге, әдептілікке тәрбиелеу.

## 4 | МӘНЕРЛЕП ОҚУ ЖАРЫСЫ



15.03.2023ж. Колледжде “Оқуға құштар колледж” жобасы аясында “Саналы ұрпақ” телестудиясында Қазақстан Республикасының халық жазушысы Ә.Нұршайықовтың туғанына 100 жыл толуына орай “Әзілхан Нұршайықовқа 100 жыл” атты мәнерлеп оқу жарысы өтті. Мақсаты: білімгерлерге жазушының өмірі мен шығармашылығынан мәлімет беру және батырлыққа, отаншылдыққа, адалдыққа тәрбиелеу. Ұйымдастырушылар: тәрбие бөлімі, кітапханашылар, “Birikken medicina jastary” ұйымы.

## 5 | КЕЗДЕСУ



16.03.2023ж. Колледжде Қазақстан Республикасының жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаментінің превенция және парасаттылық басқармасының бас маманы А.И.Әжібаев колледж басшылығы және бөлім меңгерушілерімен кездесіп, түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

## 6 | ТӘРБИЕ САҒАТЫ



16.03.2023ж. Колледжде Қожа Ахмет Яссауидің туғанына 930 жыл толуына байланысты 201 М-9/21, 203 М-9/21, 152 Ф-11/22 қатысуымен "Қожа Ахмет Яссауи: өмірі мен шығармашылығы" тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. Кураторлары: Г.Ж.Иманалиева, А.А.Мәнен, М.Б.Зәкірова.

## 7 | “МЕЙІРІМ” ҮЙІРМЕСІНІҢ АШЫҚ ОТЫРЫСЫ



31.03.2023 ж. Колледжде «Қазақстан Республикасындағы ерлер денсаулығының - қазіргі мәселелері мен өзекті шешімдері» атты тақырыпта «Мейірім» үйірмесінің ашық отырысы өткізілді. Мақсаты: колледж студенттерінің таңдаған мамандығына қызығушылығын арттыра отырып, ғылыми көзқарасты қалыптастыру, студенттерді ерлер ауруларында жиі кездесетін мәселелермен таныстырып, ерлер ауруларына әкелетін факторлардың теориялық және практикалық білікті меңгертуге және ауруларының алдын алудағы дағдыларын қалыптастыру. Ашық отырыс барысында «Ер адамдардың қуық жыныс мүшелерінің анатомиялық ерекшеліктері», «Ерлердің қуық асты безінің ісігі» тақырыптарында презентациямен баяндама оқылды. «Ер адамның жыныс мүшесін жуу», «Ер адамның қуығын катетерлеу» тәжірибелік іс-әрекет алгоритмдері көрсетілді. Медицина орталығы «Жумағалиев» клиникасының уролог дәрігері Карамомут оглы Джавдет Халиловичпен үйірме мүшелері арасында бейнесұхбат көрсетілді. Үйірме мүшелері «Медициналық орталық Жумағалиев» клиникасында урологиялық пациенттердің мәселелері, оған алып келетін тәуекел факторларды, клиникалық белгілер, емін оқып, зерттеп, осы клиникада пациенттерге күтім жүргізу үшін көмек көрсетуде.